

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ОРАЗА АЙТ
МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ**

Құрметті отандастар!
Баршаңызды қасиетті Ораза айт мерекесімен құттықтаймын!
Бұл мейрам күллі мұсылман үмбеті үшін маңызды. Рамазан айының аяқталғанын білдіреді. Ежелден исламға тән құндылықтар – бейбітсүйгіштік, жанашырлық пен бауырмалдықтың терең мәнағынасы осы шуақты күндерде айқын сезіледі.

Ораза айтта шын жүректен ақ тілек айтылып, әр адам адами қарым-қатынастың жылылығы мен айналасындағылардың қамқорлығын сезіну үшін қайырымдылық шаралары жасалады. Ізгі ниет пен игі істер қоғамда өзара түсіністіктің орнауына, халқымыздың татулығы мен ауызбіршілігін нығайтуға септігін тигізеді. Бұл – еліміздің одан әрі тұрақты және сенімді дамуының басты кепілі.

Бірлік пен татулық жүрегімізде әрдайым бейбітшілік пен жасампаздықтың жылуын ұялатсын!

Осы мерекеге орай барша қазақстандықтарға зор денсаулық пен бақ-береке тілеймін!

Ораза айт қабыл болсын!

ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне орай облыс әкімі Қырымбек Көшербаев журналистер қауымын қабылдап, кәсіби мерекемен құттықтады.

– Елбасы БАҚ өкілдерінің халық мүддесіне жұмыс істеу қажеттігін үнемі айтып келеді. Ал журналистер қауымы бұл жауапты міндетті абыроймен атқарып жүр деп айта аламыз. Себебі, мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда, Президенттің саясатын насихаттауда, ел ішіндегі маңызды мәселелерді билік назарына ұсынуға аталған кәсіп иелерінің орны ерекше. Сондықтан, ұлт болып ұйысуға қосып жатқан үлестеріңіз үшін алғыс айтамын. Бүгінде әлемде төртінші өндірістік революция жүріп жатыр. Бұл қоғамның жартылай сандық жүйеге ауысып жатқандығын айқындайды. Осы орайда БАҚ саласының да бұл үрдістен тыс қалмай, жаңашылдыққа бет бұруы қажет екені сезіліп отыр. Ақпаратты сапалы әрі тез таратып, нәтижеге жұмыс істеу – қазіргі таңда журналистердің басты міндеті. Жауапкершілігі мол саладағы еңбектеріңіз жана берсін, жағымды жаңалықтарыңыз көп болсын, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде облыстың медиа кеңістігінде 90-нан аса бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істеп, онда 2 мыңнан астам жан еңбек етуде. Сонымен бірге, ақпараттық саланы дамыту үшін баспасөз бен телевидение және интернет газеттеріне жыл сайын көңіл бөлініп, қолдау артып келеді. Мысалы, 2017



жылы бөлінген қаржы 2010 жылмен салыстырғанда 4 есеге көбейіп отыр. Қазақиялықтың қара шаңырағы Сыр өңіріндегі журналистика саласында жағымды жаңалықтар жетерлік. Қазіргі таңда халық басымым беттеріндегі материалдармен қатар, сол газеттердің сайттарынан да мәлімет ала алады. Осыдан 7 жыл бұрын құрылған «Сыр медиа» ЖШС қазірде аудандық, қалалық, облыстық басымдардың басын біріктірген үлкен медиа холдингке

айналды. Соның нәтижесінде материалдық-техникалық базаны нығайту, ақпаратқа қолжетімділікті арттыру мәселелері жолға қойылды. Бүгінде аталған ұжым басымды шығарып қана қоймай, оны тарату ісін де өзі жүргізуде. Сондай-ақ, облыстық телеарнада да жаңа мүмкіндіктерге жол ашылууда. Қазіргі таңда «Қазақстан-Қызылорда» арнасы республика бойынша облыстағы филиалдар арасында бірінші болып тәулігіне

үзіліссіз 17,5 сағат хабар таратуға көшті. Одан бөлек онлайн түрде ақпарат жүргізуге қол жеткізді. Аймақтың медиа кеңістігіндегі осындай жағымды жаңалықтарды тілге тиек еткен облыс басшысы одан соң ақпарат саласындағы үздіктерді марапаттады. Құрмет төрінен көрінген журналистер ішінде әріптестеріміз – облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары Қаныбек Әбдуов Ақпарат және коммуникациялар

министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісін және тілші Назерке Санязова «Үшқыр қалам» аталымы бойынша сый-сияпат иеленді. Журналистерге бағалы сыйлықтар табыс етілді. Мерекелік шара аясында аймақтың ақпарат саласындағы қол жеткізген жетістіктері туралы еркін әңгіме-сұхбат өрбіді.

**Мәлі ҚҰРМАНӘЛІ,
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**
(сурет).

● АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН

Аграрлы аймаққа айналған Сыр елінде ауылшаруашылық саласында атқарылып жатқан жемісті жұмыстар қатары қалып. Облыс басшысының айрықша назар аударуы арқасында аймақта үлкен жобалар қолға алынған. Соның бірі – агроөнеркәсіп кешенін дамытудың агрокартасы.

ЖОМАРТ ЖЕР ЖӘНЕ СУДЫҢ СЫЙЫ

Өткен жылдың соңында қабылданған «2016-2020 жылдарға дейінгі агроөнеркәсіп кешенін дамытудың агрокартасы» негізінде ауыл шаруашылығы өндірісіне кешенді маркетингтік зерттеулер мен талдаулар жүргізілді. Аймақ агробизнесінің шешуші перспективалық даму бағыттары айқындалды. Осыған орай, өндірістің әлеуетін және өнім өткізу сұранысы ескеріліп, шешуші 3 басым топтар белгіленді. Олар – экспорт секторлары, импорт алмастырушы және қосалқы секторлар болып табылады.

Аграрлық картада ҚР 2017-2021 жылдарға арналған агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасының екі негізгі міндеті ескерілген. Олар – ұсақ және орта шаруашылықтарды біріктірілген ауыл шаруашылығы кооперациясына қосылуға және дамытуға тарту, нарықты отандық тауарлармен толтыру және агроөнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру.

Соңғы уақытта сыртқы нарықта Сыр елінің өнімдеріне деген сұраныс артып отыр. Өнімнің зерттеу экспортқа шығаратын негізгі өнім түрлерін күріш пен балық құрайды. Кейінгі төрт жылдың ішінде күріш экспорты 28 есе, ал балық



экспорты 8 есеге өскен.

Бытыр жергілікті дикандар иран күрішін егіп, жақсы өнімге қол жеткізді. Жоғары сұранысқа ие болып отырған ирандық «Торем Хошеми» күріш сортын өзімізде табысты түрде жерсіндіре алдық. Қазір ол жаппай өндірілуде. Бүгінгі күні күрішті Иран рыногына қайта бағыттау бойынша облыста тиімді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Яғни, Иранға күріш өткізу жөнінде бірқатар келіссөздер жүргізілді.

2-бет

● МӘЖІЛІС

ҰБТ: БІЗДІҢ ТҮЛЕКТЕР АЛҒАШҚЫ БЕСТІКТЕ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыс әкімдігінің мәжілісі өтті. Аймақ басшысы орын алған қадрлық өзгерістермен таныстырып, күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге кезек берді.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік жолының 800 шақырымнан астамы Қызылорда облысының аумағынан өтеді. Жол бойы сервисінің құрылысы үшін 41 нүкте белгіленген. Дәліз бойындағы сервистік қызмет көрсетуді ұйымдастыру туралы хабарлама жасаған облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Н.Өмірсерікұлы бүгінде 16 нысан пайдалануға берілгенін айтты. Жыл соңына дейін тағы 20 нысан іске қосылады. Ал 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында 3 нысан пайдалануға берілмек. Ендігі міндет салынып жатқан сервистік кешендердің стандартқа сәйкестігін, мерзімінде аяқталуын қамтамасыз ету болып отыр. Сонымен бірге сервистік қызмет көрсету нысандарының құрылысына берілген жер учаскелерінің өз мақсатына пайдаланылуына талдау жасап, жоба мерзімінде игерілмеген жағдайда жер учаскелерін заңға сәйкес мемлекет меншігіне қайтару керек.

Өткен аптада елімізде Ұлттық бірыңғай тестілеу өтті. Аймақтағы 9 тестілеу пунктінде 4188 түлек емтихан тапсырды. Облыстық білім басқармасының басшысы Б.Сайлыбаев облыс бойынша қорытынды балл 82,16 болғанын атап өтті. Облыстық «Білім-инновация» лицейінің түлегі, «Алтын белгі» иегері Айзат Әбдірәсілі және Қармақшы ауданы №250 орта мектебінің түлегі, «Алтын белгі» иегері Дәурен Отарбай 136 балл жинады.

Әзірге Сыр өңірінң түлектері республикадағы алғашқы бестіктің ішінде. 100-ден жоғары балл жинағандар саны – 800, 129 талапкер жоғары оқу орнына түсу үшін төменгі шекті 50

балдан кем жинаған. Үш күннің қорытындысы бойынша 3829 талапкер мемлекеттік білім грантын иелену үшін конкурста қатысуға мүмкіндік алды. Ұлттық бірыңғай тестілеу пункттерінде оқыс оқиға, ереже талаптарының бұзылу деректері орын алған жоқ. Аппеляцияға арыз берген 64 бітірушінің 6-ның өтініші қанағаттандырылып, қосымша 63 балл алды.

Аймақ басшысы тестілеуден өтпеген, шекті балл алмаған оқушылар жайында алаңдаушылығын білдірді. Оларды қоғамнан оқшау қалдырмау керек. Тиісті басшыларға тестілеуден өтпеген түлектердің колледждерде техникалық және кәсіптік білім алуын қамтамасыз етуге тапсырма берді. Жақын күндері «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша солтүстік өңірлердің колледждері мен жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары жұмысын бастайды.

Осы жылдың 15 маусымында Тасбөгеттегі Абай мен Сапарбаев көшелерінің қиылысындағы балабақша автокөлігінің жеңіл көлікпен соқтығысқанынан, 21 баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төнгенінен оқырман хабарлар. Оқиғадан соң балабақша басшыларына балалар тасымалдайтын көлік құралдарын заңға сәйкестендіру, автобустарды сары түсті жаркылдауық маякпен жабдықтау, көлікке «Балалар тасымалы» деген таным белгісін орнату туралы тапсырма берілді. Балалардың жол қауіпсіздігі және оларды тасымалдайтын автокөліктердің жағдайы туралы айтқан облыстық ішкі істер департаменті жергілікті полиция қызметінің басшысы Б.Бібыраев аталған мәселенің қатаң бақылауға алынғанына тоқталды.

– Автокөлікте болған 21 бала – 21 отбасының үміті, сол үйдің қуанышы. Біз өрбір баланың денсаулығына, өміріне тікелей жауаптымыз, – деді облыс басшысы. Қызылорда қаласындағы

232 балабақшаның 206-сы жекенің иелігінде. Жеке балабақшалар балаларды қандай көліктермен тасымалдап жүргеніне ешкім назар аудармайды. Бұл көліктердің көбісі ескі, жарамсыз. Балабақша меңгерушісі мен жүргізуші тек ақша табуды көздемей, балалар қауіпсіздігін бірінші кезекке қоюы керек.

Аймақ басшысы бұл мәселеде енжарлық танытқандарды лицензиясынан айыруға дейін жазалауды тапсырды. Балалардың өмірі мен денсаулығы балабақшаның меншік түріне қарамастан, бірінші орында тұруы керек.

Жыл сайын жаз айларында облыстың су айдындарында, әсіресе, Сырдария өзенінде азаматтар қайғылы жағдайға ұшырап



жатады. Суға шомылу маусымындағы қауіпсіздік шаралары туралы хабарлама жасаған облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы О.Бержанов суудағы адам қазасы өзекті мәселе болып отырғанын айтты. Мәселен, жыл басынан бері облыс аумағындағы су айдындарында 9 адам қаза болды, оның 3-і бала. Шомылу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтамау, өзен, каналдардың ағысы жылдам, терең, тік жар тұстарына суға түсу, спирттік ішімдік ішіп, суға түсу, балалардың ересектердің бақылаусыз қалуы қайғылы оқиғаларға себеп болып отыр.

Қауіпті аймақтарда ескерту тактайшаларының толық орнатылмағандығы, рұқсат етілмеген жүзу құралдарын қолдану, алғашқы көмек көрсету тәсілдерін білмеу бақытсыз жағдайлардың көбеюіне әкеп соғуда.

Аймақ басшысы бұл мәселе суға түсу маусымы басталмай тұрып талқыланып, алдын алу шаралары қабылдануы керектігін ескертті. Қайғылы оқиға орын алған соң қимылдап, жоқты түгендеу жөн емес.

Бұл мәселеге орай өзен-көлдердің жағажайларында ескерту және тыйым салу тактайшаларын орнату, адам көп шоғырланатын орындар жанына суағы қауіпсіздікті сақтау туралы ақпараттық билбордтар орналастыру, Қызылорда қаласы мен аудан орталықтарында орналасқан LED экрандардан бейнероликтер көрсету туралы тапсырмалар жүктелді. Ойткені, су айдындарында төтенше жағдайлардың алдын алудың төте жолы – ақпараттық-насихаттық жұмыстарды күшейту.

Мәжілісте көтерілген мәселелер бойынша ұсыныс-пікірлер тыңдалып, тиісті шешім шықты.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

● ҰБТ ҮЗДІКТЕРІ

АЙЗАТТЫҢ АСУЫ БИІК

Биылғы оқу жылының қорытындысымен облыс түлектерінің арасынан ең жоғары – 136 балл жинаған, «Алтын белгі» иегері Айзат Әбдірәсілі ұстаздарының үмітін ақтап, білім ошағының да беделін биіктетті. Әлбетте, ата-анасының қуанышы өз алдына.

Сырдария ауданына қарасты А.Тоқмағанбетов ауылында туып-өскен Айзат бала күнінен бастап білімге құштар болатын. Әкесі Руслан – педагог, ал анасы Айгүл облыстық білім басқармасында есеп бөлімінің бас маманы. Сондықтан болар, бұл отбасында өсіп жатқан 4 бала үшін білім мен тәрбиенің орны бөлек.



А.Тоқмағанбетов ауылындағы №135 орта мектептің табалдырығын 2006 жылы аттаған Айзаттың бастауыш сыныптағы ұстазы Құндызай Байзақова. Мұнан кейін №10 дарынды балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицейінің (қазіргі «Білім-инновация» мектебі) 7-сыныбына конкурстық негізде қабылданды. Осында оқи жүріп, алғырлығымен көзге түскен талантты жас облыстық деңгейдегі бірнеше байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүрді. Ерекше дарындылығымен 4 тілді еркін меңгерген Айзат халықаралық деңгейдегі IELTS емтиханын тапсырды. Аталған емтиханнан 7 балл жинап, Назарбаев университетіне түскендіктен, Айзат ҰБТ тапсырмаса да болатын еді. Бірақ ол бағын сынап көргісі келді. Жыл бойы жүргізілген дайындық барысында 135-139 аралығында балл жинап келген Айзат ҰБТ сынағынан үздік шығып, ұстаздарының зор сенімін ақтап шықты.

Арманның асқарына құлаш ұрған Айзаттың болашақта алар асуы биік боларына достары сенімді.

ТАЛПЫҢАҢ ЖЕТЕР МҰРАТҚА

Білім сынағының барысында ең жоғары – 136 балл жинаған екі үміткердің бірі Жосалы кенті, Т.Көмекбаев атындағы №250 мектеп-лицейдің түлегі, «Алтын белгі» иегері Дәурен Отарбай. Ол 2000 жылы Жосалы кентінде дүниеге келген. Ал 2006 жылы О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектептің бірінші сыныбына қабылданған. Бастауыштағы пән мұғалімі Жолдыгүл Күзенбаева. Осы мектептен бастауыш сыныпты үздік бітірген ол 2010 жылы Т.Көмекбаев атындағы №250 мектеп-лицейінің 5-сыныбына қабылданады. Дарынды түлектің ұстазы Ақмарал Тынысбекқызының айтуынша, Дәурен жасынан өте зерек болған. Аудандық, облыстық білім байқауларынан жүлделі орындар иеленіп жүрген ол республикалық КИО интернет олимпиадада биология пәнінен ІІІ дәрежелі диплом және республикалық «Ясауи» пәндік олимпиадасында 25 пайыздық «сертификат» иеленеді. Сондай-ақ, Ресей Федерациясының оқу орындары үшін болған қабылдау емтиханына қатысып, Мәскеу қаласындағы Ұлттық Технологиялық зерттеу университетінің грантын жеңіп алды.

Баласының болашағынан зор үміт күтетін әкесі Ғазиз бен анасы Жұмақұлдың қуанышында шек жоқ. Ал Дәурен болса: «Менің бұл жетістігім – Гүлзира Еркебаева, Құлжахан Кемелбаева, Ақмарал Тынысбекқызы және Эльмира Абатова сынды ұстаздарымның еселі еңбегі» дейді.



Ғазиз ӘБІЛДА.



Егін жинау наукаанын қызып жатқан кезі. Облыстық радионың тілшісі Гүлнар Тәуенқызы іссапармен Жалағашқа келді. Мақсат – Сыр маржанын төкпей-шашпай жинап, ел ризығын арттыруға есепті үлес қосып жатқан дала ерлерімен сұхбаттасу, озат зеналар мен бригадаларды жазу.

Аудандық партия комитеті журналистін жанына жол бастап жүру үшін бір қызметкерін қосып, жеңіл көлікке отырғызып жіберді. Бағыттары – жыл сайын күршіген мол өнім беріп, данқы дүрділен тұрған іргелі шаруашылық – Ақсу совхозының егістігі.

Еңбек етумен қатар кісіні де жақсылап күте білетін қазақтың қанғасиді қонақжайлылығына сай, адам келсе, арқа-жарқа болып қалатын бригада жетекшісі бұларды аңқылай қарсы алды. Жүзі күнге тотыққан жігіт ағасы ә дегеннен бригаданың тыныс-тіршілігін, күршіс ору мен бастырудың қарқынды жүріп жатқанын, күндік тапсырмаларын әлденеше есеге артығымен орындайтын механизаторлардың көп екенін бастырмалатып айта жөнелді.

— Көмекке келіп жатқан студенттер де жаман емес, жұмыс десе, ішкен асын жерге қоятын өңкей бір құлшынып тұрған жастар екен, — деді ол. — Әсіресе, тиянақтылықтарына риза боларсың. Масақ тергенде аңызда бір дән қалдырмайды-ау, бір дән қалдырмайды. Мүғалімдері де бір жабысқан жігіт екен. Педагогтың философиядан сабақ берем деді.

Осы сәтте журналистің жүрегі шығ ете қалды. Ып етіп бетіне қан жүгірді. Көңіл қуанды. Бірақ үндегенде қалпы сәл жымып тұра берді.

Гүлнардың бұл жағдайымен бригадирдің ісі болмады. Оның жү-

ТАҒЫБЫ

зіндегі құбылысқа назар аудармаған күйі әңгімесін әрі қарай жалғай берді:

— Түс те болып қалды, — деді ол. — Анау тұрған киіз үйге барып шәй-пай ішіп алыңдар. Жұмыстарына сосын кірісерсіңдер. Жүріңдер.

Бригада жетекшісі қонақтарды үйге өзі бастап алып кірді. Қарағаш-тардың жанына тігілгеннен болар, үйдің іші сап-салқын. Ортада беті дөкемен жабылған дастарқан, айналасына жағалай көрпеше төселген.

Бұлар төрге шығып, жайғаса бергендері сол еді, есіктен бойы ортадан жоғары, қараторы жігіт кірді.

— О, о... міне Жарылқасын інім де келді. Бірге отырып шай ішетін дұрыс болды. Ал көне, танысып қойыңдар. Гүлнар қарындасым, мына жігіт әлгі айтқан студенттердің мұғалімі, өзі өте жақсы азамат, — деді бригадир жайдары сөйлеп.

Танысып қойыңдар дегесін кайтсін. Гүлнар мен Жарылқасын жымып тұрып, бір-біріне қол беріп «танысты». Ауарткомның қызметкері де сөйтті.

Сонан барлығы шайға отырды. Шай үстінде бүгінге дейін орылған жер көлемінен бастап гектар түсімі, қырманы қанша күршіс жөнелтілді, егін озаттары, жан-жақтан келіп жатқан көмекшілер, күн райы төңірегінде біраз әңгіме айтылды. Қазір кімнің қойманы жақсы жүріп жатыр, кімнің қойманының қай жері бұзылды, оны жөндеуге қандай бөлшегі жетпейті тір. — Осыған дейін сөз болды. Бұл әңгімелер тілшінің құлағына майдай жақты, әріне. Алыстан ат арылтып келгенде оның іздегені де осы еді. Осылайша қажетті «информацияларды» қанығып, шайды да қанып ішкен Гүлнар дастарқан басында ешнәрсеге алаңдаған жоқ. Бірдене деп тіс жарып, сыр бермеді.

Түс ауар-аумастан іске кіріскен тілші кеш батқанша біраз жұмыс істеді. Мол өнімші дикандар мен егін жинаудың екпіндісі атанған механизматорлар, егістік пен қырманың арасын жол қылып тынымсыз дән тасыған шопырлар — бәрі-бәрі журналистің кейіпкерлеріне айналатын болды. Тілші олардың әрқайсысымен сұхбатта-

сып, сұрақтар қойып, әңгімелерін таспаға түсірді. Осы шаруалардың бәрін ұйымдастырып, көмектесіп жүрген бригада басшысын жазып алуды да ұмыт қалдырған жоқ.

Ауылды жерлерде қонаққа бару, қонақ күту қаладағыдай кешке емес, түнде басталады. Ал әр сағат, әр минуты алтынан да қымбат орақ науқаны кезінде мұндай шаралар уақыты тіпті кешееуілдей түседі. Түнгі ондардан аса қараторы жігіт, жаңадан танысқан ақсары келіншекті сол маңайдағы бір ағайындарының үйіне қонаққа шақырды. Журналист бұл ұсынысқа қуана-қуана келісті. Ал орталарына келген кәдірлі мейманға жұмыс біткесін дұрыстап тамақ беріп, жақсылап күтуді, сөйтіп бір жағынан қалың жаңалықтарына қанығып, екінші жағынан жүзінен иманы төгіліп тұрған инабатты жанмен жақынырақ танысып-білісе отырып, рахаттана бір демалуды жоспарлаған бригадир сан соғып қалды.

— Қап, мына философтың әдемі келіншекті қағып кеткені-ай, — деп өкпінді ол.

Иә, пединституттың оқытушысы Жарылқасын мен радионың тілшісі Гүлнардың балалы-шағалы ерлі-зайыптылар екенін аңғал да әккө-көрек бригадир мен киіз үйде бірге шай ішкен кісілер қайда білсін?!

Жұбайларда да кінә жоқ. «Танысып қойыңдар, танысып қойыңдар» — деп асықтырасын екеуі де үндемей-тындамай бір-бірімен қол алысып «танысты». Көптің көзіне «Бізге жақсы көмек көрсетіп жатқан студенттердің мұғалімі, өзі өте жақсы жігіт, философ!» — деп мақтанып келістеріңіз үлкендердің алдында суырылып сөйлемейтін ұяң мінезді Гүлнар:

— Мен бұл кісіні танимын, бұл менің күйеуім, үйден шыққанына оншақты күн болған, — деп айта алмады.

Сондай-ақ, табиғатынан томаға-тұйық, жер қозғалса да қозғала қоймайтын Жарылқасын да сабырлық сақтап, тіс жармаған-ды.

Міне, ұяңдық пен тұйықтықтың осындай «супер» түрлері де болады.

Несібелі РАХМЕТОВА,
жазушы.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ

ЖҰМБАҚ СЫРЛЫ ЖАНКЕНТ



Күн сәулесі енді төгіле бастаған шақ. Қалыптасқан дағдымен ертелегіп серуендеуге шыққанымыз.

Өсем сөнделген көшедегі сұлулықтың, адалдық пен махаббаттың үлгісі Бегім ана мүсінінің дәл алдында екі адам отыр екен. Жақындап бардық. Қос алақанын көкке жайған қартан ана әлденені іштей күбіріп, жалбарына қайталайды. Үздіксіз сорағалаған мөлдір тамшылар бетін жуып кеткен. Жаңылдағы ақ орамалды бас келіншектің де жанары жасқа толы екен. Анаға ілесе сыбырлайды. «Күдіреті күшті Алла, қасиетті Бегім ана, бір перзентке зар қыла көрме!» деген аянышты үнді естігенде денем дір ете түсті. Сыбысымды білдірмеуіе тырысып, жайлап жылжып кеттім.

Республикалық санаттағы археологиялық ескерткіштердің бірі Жанкент шаһарының орны Сырдария өзенінің сол жақ бетінде, Қазалы қаласынан 15 шақырым жерде жатыр. «Ежелгі Селжук (түрік) мемлекетінің көсемі Селжук 935 жылы өзінің дүниежүзіне әйгілі жорығын сол кездегі өзгз қағанатының орталығы Жанкенттен бастайды. Белгілі түркітанушы ғалым Уәлибек Қоңғарбаевтың жазуынша, Жанкентті мекендеген Жайылхан (қыпшақ) мен Сейілхан (түрік-мен) 1043 жылдан кейін Сыр бойының ыт-ызына, Жанкент ханы шах Мәлік пен оның баласы Әліді бастағы түркімен тайпалары өткіреді. Осыдан соң Сырдың төменгі саласын мекендеген өзгз-қыпшақ ұлысының ыдырауы басталды. Оғыздардың көсемі атанған әйгілі қыпшақ Қорқыт та аңыз әңгімелер мен кейбір деректерге қарағанда Жанкентте өмір сүрген. Шаһар туралы алғашқы жазбаша естеліктер IX-X ғасырларда айтылғанымен, XV ғасырда деректер жоғалады. Тек арада үш жүз жыл өткен



соң ғана Жанкенттің аты қайта жаңғырады. Алайда бұл қираған Жанкент жайлы жазбалар болатын. Жанкент қаласы жөнінде орыс саяхатшысы П.И.Лерх өзінің 1867 жылы жасаған археологиялық экспедициясынан соң құнды мәліметтер қалдырғаны мәлім. Қираған қаланың орнын қазу үстінде араб әріптерімен жазылған қыш құмыралар, XV ғасырдың күміс және мыс теңгелері, адамның бас сүйектері табылыпты. Аңыз бойынша Жанкентті билеп тұрған қатыгез Санжар хан Қарабура әуленің қаһарына ұшырап қарауындағы халқымен бірге опат болады» дейді бір деректерде. Жалдымызға түсірілкіші.

Аңызда «Жанкенттің әміршісі Санжар хан нөкерінің ғайбатына сеніп, күнадан пәк Бегім сұлудың оң қолын шауып, бұрымын кесіп, танауын тіліп жазықсыз жазалайды. Бегімнің әкесі атақты Қарабура әулие қанішер ханға «Қызым ақ болса, шабылған қолы, кесілген бұрымы, тіліңнен танауы қалпына түседі» дейді. Әділдік үстем шығып, Бегімнің дене мүшелері қалпына келеді. Қызының нақақ жәбір көргеніне назаланған әулие Санжар ханды қарапты. Ұлымыз жазасыз кетсін бе? Құдіреттің күшімен аспаннан іші ордалы жылдана толы мес түсіп хан бағыныштыларымен бірге ажал құшыпты. Бегім сұлу ақ құсқа айналып көкке ұшып кетті. Қонған жеріне керемет мұнара пайда болыпты» дейміз бе еді?

Аумағы төрт шаршы шақырым жерді алатын қаланың күншығыс қапталынан қоршап жатқан қалыңдығы екі метрден асатын ескі қорған тайай

тарихтың куәсі. Ежелгі шаһардың құпиясын білгісі келетіндер жыл санап арта түседі. ҚР ҒА Ө.Марғұлан атындағы археология институты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Ресейдің ҒА Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институтымен бірлесіп, Жанкент қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізгенді. Оған қоса облыс әкімдігі жанындағы тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңес шешімімен облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, археологиялық зерттеу шаралары жасалады. Сондай-ақ қалашықты ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізу үшін облыстық бюджеттен қаржы қаралды. Қандай да болсын, міндеттемесі жасалып, қорғау тәктысы орнатылды. Қазіргі таңда қалашықтың қорғаныс қабырғаларына, ішкі бөлігіндегі тұрғыжайда қазба жүргізіліп, маңызды құрылыс нысандары арышылып, оларды сақтау (консервациялау) атқарылады. Қазба барысында табылған жәдігерлер облыстық музей қорына тапсырылады. Елдене Жанкенттің толық сыры ашылатын сәт келешектің еншісінде екені анық.

...Ал маған таң азынымен кездескен кейуана мен келіншек мыңдаған жылдар бойы халық жадынан өшпеген Бегім сұлудың атын Аллаға қосып бекер айтып тұрған жоқ. Адалдықты ақ құсқа айналдырып жіберген Жанкент топырағы киелі еді.

Жұмбақ ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

АКЦИЯ

ЖАСТАР НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

Қалалық саябақта «26 маусым – Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес» күніне орай, облыстық ішкі істер департаментінің есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы ұйымдастырумен акция өткізілді.

Акция барысында, жыл бойы нашакорлыққа қарсы жұмыс атқарған мамандар «Алғыс хаттармен» мара-

патталып, бағалы сыйлықтар иеленді. Жасөспірімдер мен жастарды са-лауаттылық өмір салтына шақыратын шараның қоғамда алар орны ерекше.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін жиыны, елімізге белгілі жас өнші Қуандық Рахым қатысып, көрермендерге мерекелік көңіл күй сыйлады.

ҚАЛА ТҰРғындарының назарына!

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысы аясында «Мәртебелі Қазақстан» қоғамдық қоры «Тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға байланысты ақпараттық-насихаттық шараларды ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы қызметін жүзеге асыру мақсатында осы жылғы 29 маусым күні Қызылорда қаласы Тасбөгет кенті №4 емханасында «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» тақырыбында кездесу, «Зангер маман кеңес береді» атты кеңес беру шарасын кент тұрғындарының қатысуымен өткізетін шабарлаймыз. Сонымен қатар 26-30 маусым аралығында жасөспірімдердің есібегін қорғау мақсатында құқық қорғау органдары өкілдері, жасөспірімдермен жұмыс істейтін қызметкерлер, білім саласы қызметкерлері, жастар ұйымдары өкілдерімен бірлесіп, түнгі рейтлерді өткізу жоспарлануда. Осындай шаралар ай сайын жүзеге асырылатын болады. Толық ақпаратты +77051036532 және +77057215868 нөмірлерімен ала аласыздар.

«Сағыздырған әндер-ай»



Жуырда, облыстық филармонияның ұйымдастыруымен дәстүрлі «Сағыздырған әндер-ай» ретро-концерт өтті. Кеш барысында өткен күнінен сыр шертіп, көпшіліктің көңілінен шығып, қазақ өнерінде өзіндік із қалған әсем әуендер шыққанды.

Шара шымылдығы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Күлжан Қалымбетова-

ның орындауындағы «Ах, Самара-городок» әнімен ашылды. Мұнан соң, Ж.Толбай, Ш.Ениязова, Д.Есентөмов, Р.Ысқакова, Б.Найманов сынды филармонияның өнерпаздары, Шәмші Қалдаяқов, Екеңдір Хасаналиев, Әсет Бейсенов, Ілия Жақанов секілді қазақтың танымал сазгерлерінің әндерін шыққанды.

Е.ТАБЫНБАЕВ.

САЙЫСТА ӨНІР ӨРЕНДЕРІ ТӨП ЖАРДЫ

Жыл сайын еліміздің Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен өтетін «Мен – чемпион» республикалық балалар спорттық теледидарлық ойынының кезекті финалы биыл Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласында өткізілді.

Бұл ойынның мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту және өскелең ұрпақты спортпен тұрақты шұғылдануға тәрбиелеу.

Аталған жарыста біздің облыс құрама командасы өздерінің физикалық және психологиялық дайындығы өте жоғары екендігін

дәлелдеп, еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған командалардың арасынан жүлделі І орынды иеленді. Сондай-ақ, «Қайсар» командасы республикалық кезеңінің чемпионы атанды.

Чемпиондарды облыстық білім басқармасы, мектеп ұжымы мен аталарлар пойыздан күтіп алып, облыс жұртшылығына шараны насихаттау мақсатында «Қазақстан-Қызылорда» теледидарына сұхбаттар беріліп, жарыс жеңімпаздары республикалық «Мен – чемпион» атауы бар ауыспалы кубокпен, дипломдарымен естелікке фото суретке түсті.

2017 жылғы III тоқсандағы «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі басышының және оның орынбасарының азаматтарды қабылдау кестесі

Тегі, аты, әкесінің аты	Ақпараттық лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні және уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, бөлме №	Байланыс телефондары
Жақыпбаев Ғалат Омарұлы	Басқарма басышы	Әр аттанып сәрсенбі, жұма күндері 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Байбырас сұлтан, құрылыс I, №346 бөлме	8(7242)605428
Шарова Елена Николаевна	Басқарма басышының орынбасары	Әр аттанып дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Байбырас сұлтан, құрылыс I, №346 бөлме	8(7242)605423
Құдайбергенов Ринат Мақсұтұлы	Басқарма басышының орынбасары	Әр аттанып дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Байбырас сұлтан, құрылыс I, №347 бөлме	8(7242)605423

Сенім телефондары: 8 (7242) 60-54-28, 60-54-23. Электронды пошта: ufin@korda.gov.kz

ЕМ ЖҮРГІЗЕДІ

Халық емілісі Есенова Күнжияш (Тұлханыс) Жан-қуатқызы («Қазақстан халық емілдер қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінен 2017 жылдың 15 маусымында №675 сертификаты берілген) тамыр ұстап, суретке және адамдардың жүздеріне қарап дидарласу арқылы науқа түрлерін анықтап, мына ауру түрлеріне: жасалған ырымды қайтару, қошыру, бас, жүрек, қан қысымы көтерілуі; бел, буын аурулары; көзге ақ түсуі; ұйқысыздық; жүйкесі сыр беруі; шошнуы, тіл-көз тию; жолы байланған және ішкілікке қарсы ем-дом жүргізеді.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Бөзбұлақ көшесі №5 үй, 10 пәтер (облыстық балалар ауруханасына қарсы). Байланыс тел.: 8 701 357 83 31, 8 778 266 18 73.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Джаусупбеков Оразбек Абдибековичтің атына Қызылорда қаласы, Қызылжарма-2 тұрғын ауданы, 7-көшесі, №19 учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісін (кадастрлық №10-156-039-4385, №0283633) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.

ШАРШЫ АЛАҢДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨКІЛДЕРІ



Журналистер мерекесіне орай бүгін «Сыр медиа» ЖШС БАҚ өкілдері арасында белгілі қалагер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Елібай Жікібаев пен жас журналист Сара Омарованы еске алуға арналған шахмат пен дойбы ойындарынан турнир ұйымдастырды.

Елібай аға Сыр журналистикасында өзіндік орны бар, кейінгі ізбасарларына үлгі тұтар аға болды. Еңбек жолын радиодан бастаған ол кейін газет ісіне етене араласты. 1999 жылдан «Қараған» газетінің облыстағы меншікті тілшісі қызметін атқарды. 2001 жылы облыстың үздік журналисі атанды. 2011 жылдан өмірінің соңына дейін облыстық «Kyzylorda-news» интернет газетінің бас редакторы болды.

Ал Сара студент кезінен газет-журналдарда өндірістік тәжірибеден өтіп, өзін жақсы қырынан көрсете білді. Оқу бітірген соң республикалық «Әлімсақ» жур-

налында тілші ретінде еңбек етті. Сонда жүріп біраз шыңдалды. Күні кешеге дейін облыстық «Ақмешіт жастары» газетінде жұмыс істеді.

Екеуі де жандары жайсаң, өте қарапайым, ақкөңіл еді. Айналасындағыларға қандаша мейрім тәліп жүретін. Өлі де үйретері көп деп ұмт ірқан Елібай аға мен болашағына зор сенім артқан Сара қызымызды еске алу мақсатында өткен турнирде «Сыр медиа» ЖШС бас директоры А.Оңғарбаев, «Сыр медиа» ЖШС ардагерлер кеңесінің төрағасы, ақын Ә.Рахымбековты және марқұм әріптестердің жақындары естеліктерімен бөлісті.

Шарада өңір журналистері шахмат пен дойбы ойынынан өзара сынаға түсті. Нәтижесінде шахматшы ер азаматтар арасынан облыстық «Қызылординские вести» газетінің бас редакторы Т.Қасымов жеңімпаз атанса, 2-орын «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасынан Н.Батыршаевқа, ал 3-орын «Қызылординские вести» газетінен В.Скорняковқа бұйырды. Әйелдер арасында ақпараттық-талдау орталығының маманы Ә.Зұлпықароваға тең келер ешкім болған жоқ. Одан кейінгі орындарды «Қызылординские вести» газетінің тілшісі Н.Сайлаубаева мен «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі М.Кенжегүлова өзара бөлісті.

Ал дойбыдан ерлер арасында 1-орынға «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының журналисі А.Тәжиев лайық деп танылды. 2-орынды осы арнаың телеоператоры А.Мендібаев, 3-орынды «Халық» газетінің тілшісі Р.Жақман алды. Әйелдер арасынан 1-орынды «Қоғам ТВ» тілшісі Ф.Мадиярова иеленсе, 2-орын «Қазалы» газетінен Қ.Ермекебаева, 3-орын «Қызылординские вести» газетінен А.Кобеева берілді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫН АУДАРУ ҮШІН

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің 2017 жылғы 1 шілдеден бастап енгізілуіне байланысты ұйымдар, кәсіпорындар және басқа да тәуелшілер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша аударымдар мен жарналарды аудару үшін төмендегі деректемелерімен ағымдағы шоттың ашылғандығын хабарлаймыз:

Атауы	Жана деректемелер
Бенефициар	Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
Бенефициар банкі	Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
Бенефициар БСК	БСК GCVPKZ2A
Бенефициар ЖСК	KZ92009MEDS368609103
Бенефициар БСН	БСН 160440007161

Бұл ретте, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар мен жарналарды аударған кезде төмендегі төлем белгілеу кодтарын (ТБК) пайдалану қарастырылған:

121	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар
122	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар
123	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды уақытылы аудармағаны үшін өсімшұ
124	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды уақытылы аудармағаны үшін өсімшұ

Қордан міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша қате төлемдерді қайтару үшін төмендегі төлем белгілеу кодтарын (ТБК) пайдалану қарастырылған:

125	Медициналық сақтандыру қорының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар бойынша қате есептелген сомаларды қайтаруы
126	Медициналық сақтандыру қорының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша қате есептелген сомаларды қайтаруы
127	Медициналық сақтандыру қорының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар бойынша қате есептелген өсімдік сомаларын қайтаруы
128	Медициналық сақтандыру қорының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша қате есептелген өсімдік сомаларын қайтаруы